

Әрі күрделі, әрі ұғынықты

2019 жылдың 24 мамырында Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры Аймгүл Қазкенованың ашық семинар сабағы өтті. Филологтарды дайындау бағдарламасы аясында студенттер үшін ең күрделі «Орыс тілінің тарихи грамматикасы» атты курсы бойынша қорытынды жасалды. Мұғалім жоғары ғылыми деңгейде күрделі лингвистикалық мәселелерді пысықтап, семестр бойынша оқылған тақырыптарды еске алып сабақты қорытындылады.

Сабақ барысында мұғалім мен студенттер арасындағы диалог қызықты да, жемісті болды. Сабақ барысында оқытудың заманауи методикасы қолданылды. Тіл тарихын білу оның заңдарын жақсы түсінуге мүмкіндік берді.



